ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 8 ақпан № 7527-24-00-2/286 Алматы қаласы

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Т.Өтепов сот ғимаратында талап арыз бойынша азаматтық істі оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қараған

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Allianz kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:

ҚР АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Allianz kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2023 жылғы 24 қарашадағы № 271 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Allianz kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сомасында мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 10.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Утепов К. Т., 02.05.2024
7527-24-3-1/90

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін

Судья **К.Т.Өтепов**

Құжатқа қол қойылған: Утепов К. Т., 10.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.03.2024, судья Утепов К. Т., 02.05.2024

7527-24-3-1/90